Жаһандық айнымалыны өзгертетін модульдер саны: Жалпы алғанда,бір ғана модуль жаһандық айнымалы мазмұнын бақылауды жүзеге асыруы қажет, алайда екінші модуль де бұл жауапкершілікті бөлісуі мүмкін жағдайлар да болады. Мұндай жағдайда жеткілікті негіздememен қамтамасыз ету тиіс.Бұл жауапкершіліктің екі модульден артық бөлінуіне жол беруге болмайды. (Бұл бағаны өткізу барысында модульді анықтауға көңіл бөлу керек,өйткені ол айнымалы мазмұнына іс жүзінде жауап береді: мысалы, егер айнымалыны өзгертуге жалғыз ғана рәсім қолданылса,бірақ кіші бағдарлама жай ғана модификацияны орындайды,бұл модификацияны шақырушы тарап сұрата-ды, ол шақырушы модуль болып табылады,мүмкін осындай бір модуль ретінде де жауапты болып табылады). Ары қарай күрделілік анықталған бөлімде егер екі модуль жаһандық айнымалы мазмұнына жауапты болса,онда олардың арасындағы өзгеріс координациясы туралы нақты ұсыныстар болуы тиіс.

Жаһандық айнымалыға негізделген модульдер саны: Жаһандық айнымалыға негізделген модульдер санына шектеу жоқ,көптеген модульдер осындай сілтеме жасаған жағдайда дұрыстылығы мен қажеттілігі тұрғысынан тексерілуі тиіс.

3.2.13 **Ілініс мазмұны** (content coupling): Өзгенің ішкі элементтеріне тікелей сілтеме жасайтын екі модуль арасындағы өзара байланыс

Ескертпе - Үлгілер осы модульдің ішкі бағандарына сілтеме немесе код модификациясын қамтиды. Нәтижесінде кейбір бөлімдер немесе бір модульдің барлық мазмұны басқаға тиімді қосылады. Контент ілінісін модульдердің лицензиясыз интерфейстерді пайдалану ретінде қарастыру қажет.

3.2.14 **Нысандық аймақтарды бөлу** (domain separation) Қауіпсіздік сәулетінің сипаты, ол арқылы TSF әрбір қолданушының және TSF үшін жекелеген домендерін анықтайды және TSF немесе басқа қолданушының қауіпсіздік доменінің мазмұнына ешбір пайдаланушылық процесс әсер ете алмайтындығына кепілдік береді

3.2.15 **Функционалдық байланыстылық** (functional cohesion): [IEEE Std 610.12-1990] бір мақсатта байланысқан іс-әрекетті орындайтын функционалдық сипат

Ескертпе - Функционалдық байланыстырғыш модулі кезек менеджері немесе десте менеджері сияқты бір енгізу түрін бір шығару түріне түрлендіреді.Сондай-ақ байланыстырғышты қараңыз (3.2.3 ).

3.2.16 **Өзара әрекет** (interaction): Жалпы субъектілер арасындағы коммуникативтік қызмет

3.2.17 **Интерфейс** (interface): Компонентпен немесе модульмен өзара әрекет құралдары

3.2.18 **Қабаттану** (layering): Әзірлеме әдісі ,онда модульдердің жекелеген топтары бөлек міндеттерге ие болу үшін иерархиялы ұйымдасқан: бір деңгей иерархия бойынша өз деңгейінен төмен қызметтер үшін тәуелді және өзінің астыңғы қабаттарына ғана өз қызметтерін ұсына алады.

Ескертпе - Қатаң қабаттану шектеу қояды,соған сәйкес әрбір қабат өзінің тікелей астындағы қабаттың қызметтерін пайдаланады,ал тікелей өзінің үстінде орналасқан деңгейге ғана өз қызметін ұсына алады.

3.2.19 **Логикалық байланыстылық** (loqical cohesion): Деректердің әр түрлі құрылымында ұқсас әрекеттерді орындайтын модуль сипаттамасының рәсімдік байланыстылығы

Ескертпе - Егер модульдің функциялары бір-бірімен байланысты, бірақ әр түрлі кіруде әр түрлі операцияларды орындаса ,модуль логикалық байланыстылықты көрсетеді.

3.2.20 **Модульдік декомпозиция** (modular decomposition): [IEEE Std 610.12-1990] бағалауды және әзірлеуді, жобалауды жеңілдету мақсатында жүйені компоненттерге бөлшектеу процесі

3.2.21 **Айналып өту мүмкін еместігі** (non-bypassability): Қауіпсіздік сәулетінің сипаты, соның салдарынан SFR-мен байланысты барлық әрекеттер TSF орталығына топтасады

3.2.22 **Нысандық аймақтардың бөлінуі** (security domains): Сенімсіз тұлғалардың қолдануына арналған TSF ұсынған орталар,өйткені бұл орталар бір-бірінен оқшауланған және қорғалған болуы тиіс

3.2.23 **Ретті байланыстылық** (sequential cohesion): Функциялары бар модуль, олардың әрбірі [IEEE Std 610.12-1990] модулінде келесі фунцияларға арналған деректерді шығарады

Ескертпе - Ретті байланыстылық модулінің үлгісі аудит жазбаларын фиксациялау функцияларын қамтитын және аудиттің анықталған түріндегі бұзушылықтардың жиналған санының ағымдағы есебін жүргізу.

3.2.24 **Бағдарламалық инженерия** (software engineering): Жүйелі тәртіпті, сандық бағалауға келетін әзірлеу тәсілін және бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдауды қолдану; яғни [IEEE Std 610.12-1990] бағдарламалық қамтамасыз етуге инжинирингті қолдану.

Ескертпе - Толықтай инженерлік тәжірибе жағдайында инженерлік принциптерді қолданғанда айқын принциптерге сүйену қажет.Таңдауға тек қана модульдік декомпозиция,қабаттылық, минимизацияшараларын қолдану ғана емес,көп факторлар әсер етеді.Мысалы,әзірлеуші бастапқыда жүзеге асырылмайтын көзделген ұсыныстар системасын /жүйесін/ жобалай алады.

Әзірлеуші осы толық жүзеге аспайтын болашақ жүйені өңдеу үшін кейбір логиканы қосуды таңдай алады; сондай-ақ әзірлеуші кейбір шақыруларды әлі жүзеге аспаған модульдерге,шақыруларға бітеуіш қалдыра отырып қоса алады.Әзірлеушінің негіздемесі жақсы құрылымдық бағдарламалардан ауытқу үшін принциптерді қолдану арқылы бағалануы қажет,сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етудің әзірлемесіне тиісті шаралар қолданылады.

3.2.25 **Уақытша байланыстылық** (temporal cohesion): Белгілі мерзім ішінде орындалатын функциялары бар модульдің мінездемесі.

Ескертпе
1. [IEEE Std 610.12-1990]-нан бейімделген
2. Уақытша байланыстылық модульдерінің үлгілері инициализация модульдерін,қалпына келтіру мен жұмысты аяқтауды қамтиды.

3.2.26 **TSF-тің өзін-өзі қорғауы** (TSF self-protection): TSF-ті TSF-ке жатпайтын код немесе объектілер зақымдай алмайтын сәулеттік қауіпсіздік құралы.

### 3.3 Басшылық класына қатысты терминдер мен анықтамалар

3.3.1 **Орнату /құру/** (installation): ТОЕ-ге оның операциялық ортасына енетін және оны жұмыс жағдайына ауыстыратын қолданушы орындайтын рәсім

Ескертпе - Бұл операция әдетте бір рет қана орындалады, ТОЕ-ны алуда және қабылдауда қолданылады. ТОЕ-нің ST рұқсат еткен конфигурацияға жететіні күтіледі. Егер осыған ұқсас процестерді әзірлеуші орындаса,өмірлік циклге қолдауды, ALC ішінде «генерация» ретінде белгіленеді. Егер ТОЕ бастапқы іске қосуды талап етсе және оны жүйелі түрде қайталау қажет болмаса,онда бұл процесс орнату немесе құру ретінде жіктеледі.

3.3.2 **Операция** (operation): ТОЕ-ны қолдану кезеңі, «қалыпты қолдануды» қоса, әкімшіліктендіру және ТОЕ-ге жеткізу және дайындаудан кейін қызмет көрсету

3.3.3 **Дайындық** (preparation): өнімнің өмірлік цикл кезеңіндегі қызметі, тапсырыс берушінің ТОЕ-ны қабылдауын және орнатуын қоса, жүктемені, инициализацияны, ТОЕ-ны жұмысқа дайындық жағдайында қосу және жүргізуді қамтиды.

### 3.4 Тіршілік циклін қолдау класына қатысты терминдер мен анықтамалар

3.4.1 **Қабылдау критерийлері** (acceptance criteria): Қабылдау процедураларын орындауда қолданылатын өлшемдер (мысалы, құжаттарды табысты қарау, аппараттық немесе бағдарламалық қамтамасыз етуге негізделген бағдарламалық қамтамасыз ету жағдайында табысты тестілеу)

3.4.2 **Қабылдау процедуралары** (acceptance procedures): жаңадан құрылған немесе конфигурацияның өзгертілген элементтерін ТОЕ-ның бөлігі ретінде қабылдау үшін немесе оларды келесі өмірлік цикл кезеңіне ауыстыруда қолданылатын процедуралар

Ескертпе - Бұл процедуралар қабылдауға, өлшемдерге жауапты тұлғалардың рөлін айқындайды.

Қабылдау жағдаятының бірнеше түрі бар, олардың кейбіреуі бір-бірімен қайшы келуі келуі мүмкін:

a) конфигурацияны басқару жүйесіне объектіні бастапқы қабылдау,атап айтқанда, бағдарламалық қамтамасыз етуді қосу, ТОЕ-ның басқа өндірушілерінің аппараттық компоненттері және тігістері;

b) ТОЕ-ның әрбір құрылым кезеңдерінде конфигурация элементтерінің келесі өмірлік цикл фазасына өтуі (мысалы, модуль, бақылау, ТОЕ-ның дайын сапасын бақылау, ішкі жүйесі);

c) әзірлеменің әр түрлі жақтарының арасындағы конфигурация элементтерін бөлу кезегі (мысалы, ТОЕ-ның бөлімдері немесе алдын-ала өнімдерінің)

d) ТОЕ-ны тұтынушыға жеткізгеннен кейін

3.4.3 **СМ конфигурацияларын басқару** (configuration management): Техникалық және әкімшілік басшылық сондай-ақ конфигурация элементтері мінездемесінің тұлғалық және функционалдық құжаттандыруын және сәйкестендіруді бақылауды жүзеге асыратын шара, бұл мінездемелердің өзгерісін, жазбасын және өзгерісін өңдеу, жүзеге асыру жағдайын, көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруді бақылайды

Ескертпе - [IEEE Std 610.12-1990]-нан бейімделген

3.4.4 **Құжаттама СМ** (CM documentation): СМ-ның барлық құжаттары жатады, оған СМ-нен шығу, СМ тізімі (конфигурация тізімі), СМ-ның жүйелі жазбасы, СМ-ды қолдану және СМ жоспары бойынша құжаттама кіреді

3.4.5 **Конфигурацияны басқарудың шынайылығы** (configuration management evidence): СМ жүйесінің жұмысының дұрыстығын растау үшін қолданылатын барлық нәрсе

Ескертпе - Мысалы, әзірлеуші ұсынған негіздемелер, СМ-нен шығу, бақылаулар, эксперименттер /тәжірибелер / немесе әзірлеушінің объектіні аралаған кездегі алған сауалнамалары жатады.

3.4.6 **Конфигурациялар бірлігі** (configuration item): ТОЕ-ны әзірлеу кезіндегі СМ жүйесі басқаратын объект

Ескертпе - Бұл ТОЕ-ның бөлімдері,немесе әзірлеменің құралдары және бағалау құжаттары сияқты ТОЕ-ны әзірлеуге байланысты объектілер болуы мүмкін.СМ элементтері тікелей СМ жүйесінде (мысалы, файлдар) немесе өзінің нұсқаларымен бірге сілтемеде (мысалы, жабдықтардың бөліктері) сақталуы мүмкін.

3.4.7 **Конфигурациялар тізімі** (configuration list): Конфигурацияны басқарудың шығару құжаты, онда өнімнің толық нақты нұсқаларына жататын конфигурацияны басқарудың әрбір элементінің нақты нұсқаларымен қоса нақты өнім үшін конфигурация элементтерінің барлығы тізімделген.

Ескертпе - Бұл тізім өнімнің нұсқаларын бағалауға жататын элементтерді өнімнің өзге нұсқаларына жататын, элементтерді өзге нұсқалардан ажыратуға мүмкіндік береді. Конфигурацияны басқарудың соңғы тізімі- бұл нақты өнімнің нақты нұсқаларына арналған нақты құжат. (Әрине, тізім конфигурацияны басқарудың ішкі аспабында электрондық құжат болуы мүмкін,бұндай жағдайда оны жүйеге шығу емес,жүйенің бөлігі ретінде және жүйеге ерекше көзқарас ретінде қарастыру керек.Конфигурация тізімін бағалауды қолдану бағалау құжаттамасының бөлімі ретінде қаралады.) Конфигурация тізімінде конфигурацияны басқару үшін ALC_CMC басқаруындағы элементтер көрсетілген.

3.4.8 **Конфигурацияны басқару нәтижелері** (configuration management output): Конфигурацияны басқару жүйесі енгізген немесе құрған конфигурацияны басқаруға байланысты нәтижелер

Ескертпе - Бұл нәтижелерде конфигурацияны басқарумен байланысты құжаттар түрі болуы мүмкін (мысалы, толтырылған қағаз бланкілер,конфигурацияны басқару жүйесінің жазбалараы,журналдардағы мәліметтер,мөр басылған көшірмелер және электрондық мәліметтер). Конфигурацияны басқарудың мұндай нәтижелерінің үлгілеріне конфигурация тізімдері,конфигурацияны басқару жоспары немесе өнімнің өмірлік циклы барысындағы тәртібі жатады.

3.4.9 **Конфигурацияны басқару жоспары** (configuration management plan): ТОЕ-ге арналған конфигурацияны басқару жүйесін қолданудың сипаттамасы.

Ескертпе - Конфигурацияны басқару жоспары қызметкерлердің нені орындау керектігін анық білуі мақсатында шығарылды.Конфигурацияны басқарудың жалпы жүйесі тұрғысынан бұны шығыс құжаты ретінде қарастыруға болады (өйткені ол конфигурацияны басқару жүйесінің қосымша бөлігі ретінде құрылуы мүмкін). Нақты жобалау тұрғысынан қарағанда бұл құжат қолдану құжаты болып табылады,өйткені жобалық топ мүшелері оны жобалау барысында өздері орындайтын қадамдарды түсіну үшін қолданады. Конфигурацияны басқару жобасы нақты өнімге арналған жүйені қолдануды айқындайды; бұл жүйе өзге өнімдер үшін әр түрлі деңгейде қолданыла алады.Бұл конфигурацияны басқару жоспарында ТОЕ –ны әзірлеу барысында қолданылатын компанияның конфигурациялық басқару жүйесінен шығуды айқындайды және сипаттайды.

3.4.10 **Конфигурацияны басқару жүйесі** (configuration management system): Процедуралар мен құралдар жиынтығы (құжаттаманы қоса алғанда),әзірлеуші өз өнімінің конфигурациясын өмірлік цикл барысында қолдау және өңдеу үшін қолданады.

Ескертпе - Конфигурацияны басқару жүйелерінде қатаңдықтың әр түрлі дәрежесі және функционалдықтар болады.Конфигурацияны басқару жүйесінің жоғары деңгейінде дефектілер жойылып,автоматтандырылады, өзгерісті бақылайды және өзге механизмдерді қадағалайды.

3.4.11 **Конфигурацияны басқару жүйесінің жазбалары** (configuration management system records): Конфигурацияны басқару бойынша маңызды әрекеттерді көрсететін, конфигурацияны басқару жүйесінің жұмысы барысында алынған нәтиже.

Ескертпе - Конфигурацияны басқару жүйесінің жазбаларының үлгілері конфигурацияны басқару элементтерін өзгертудің басқару формалары немесе конфигурацияны басқару элементтерінің бекіту формаларына қол жеткізу болып табылады.

3.4.12 **Конфигурацияны басқару құралдары** (configuration management tools): Конфигурацияны басқару жүйесін қолдайтын немесе жүзеге асыратын қолдан басқарылатын немесе автоматтандырылған құралдар

Ескертпе - Мысалы,ТОЕ бөлімдері нұсқаларын басқаруға арналған құралдар

3.4.13 **Конфигурацияны басқаруда қолданылатын құжаттамалар** (configuration management usage documentation): Конфигурацияны басқару жүйесінің анықтамасы сипатталатын және анықтамалықты,ережелерді немесе құралдар құжаттамалары және процедураларды қолдана отырып пайдалану

3.4.14 **Жеткізу** (delivery): Өндіріс ортасынан дайын ТОЕ-ны тапсырыс берушінің қолына беру

Ескертпе - Өнімнің өмірлік циклының бұл фазасы өзіне қаптама мен әзірлемені орнында сақтауды қамти алады, бірақ аяқталмаған ТОЕ-ны тасымалдауды қамтымайды.

3.4.15 **Әзірлеуші** (developer): ТОЕ –ны әзірлеуге жауапты ұйым.

3.4.16 **Әзірлеме** (development): ТОЕ-ны жүзеге асыруды ұсынуды құрумен байланысты өнімнің өмірлік циклінің кезеңдері

Ескертпе - ALC-тың барлық кезеңіндегі: өмірлік циклды қолдау талаптары,өндіріс пен әзірлемені жалпы мағынада білдіру,әзірлеме және онымен байланысты терминдер.

3.4.17 **Әзірлеме құралдары** (development tools): ТОЕ өндірісі мен әзірлемесін қолдайтын құралдар егер қолданылса, тестілеу бағдарламасын қамтамасыз етуді қосу)

Ескертпе - Мысалы ТОЕ-ны бағдарламалық қамтамасыз ету үшін бағдарламалау тілдері, компиляторлар, компоновщиктер және генерациялайтын құралдар әзірлеме құралдары болып табылады.

3.4.18 **Жүзеге асыруды ұсыну** (implementation representation): TSF-ты абстрактылы ұсыну,оның ішінде TSF-тың өзінің дизайнын нақтылаусыз құруға қолданылатынын жатқызуға болады

Ескертпе - компилирленетін бастапқы код,немесе жабдықтау сызбасы,шынайы жабдықтауды құруға арналып қолданылып жүрген сызба жүзеге асыруды ұсынған бөліктердің үлгісі болып табылады.

3.4.19 **Өмірлік цикл** (life-cycle): Объектінің белгілі уақытта өмір сүру кезеңдерінің реттілігі (мысалы өнімнің немесе жүйенің)

3.4.20 **Өмірлік циклды анықтау** (life-cycle definition ): Өмірлік циклдың моделін анықтау

3.4.21 **Өмірлік цикл моделі** (life-cycle model): Кезеңдерді,олардың өзара байланысын сипаттау, олар нақты объектінің өмірлік циклын басқаруда қолданылады, кезеңдер реттілігін және кезеңдері бар жоғары деңгейлі мінездеулерді сипаттайды

Ескертпе - 1-суретті қараңыз

3.4.22 **Өндіріс** (production): Өндірістің өмірлік циклының фазасы әзірлеме кезеңдерінен кейін керек және ТОЕ-ны іске асыруды әзірлеуде жасалады,өйткені бұл жағдай тапсырыс берушіге жеткізуге қолайлы

Ескертпе – Бұл кезең жасауды, интеграцияны, генерациялауды, ішкі тасымалдауды, ТОЕ-ны сақтау және таңбалауды қамтуы мүмкін.




**1-сурет – СМ және өнімнің тіршілік циклының терминологиясы.**

### 3.5 Осалдылықты бағалау класына қатысты треминдер мен анықтамалар

3.5.1 **Жасырын арна** (covert channel): Қорғалған, көрсетілмеген сигналды канал, ол бөлшектенудің көпдеңгейлі саясатына және ТОЕ бақыланбайтын талаптарына қолданушыға құпия қарсы тұруға мүмкіндік береді.

3.5.2 **Табылған әлеуетті осалдық** (encountered potential vulnerabilities): ТОЕ-ның әлеуетті әлсіз жақтары,оны бағалау әрекеттерін орындау барысында бағалаушы анықтаған, бұлар SFR-ды бұзу үшін пайдаланылуы мүмкін

3.5.3 **Пайдалану осалдығы** (exploitable vulnerabilitiey): ТОЕ-ның әлсіз жақтары, олар ТОЕ-ның жұмыс аясында SFR-ды бұзу үшін қолданылуы мүмкін.

3.5.4 **Мониторингтік шабуылдар** (monitoring attacks): Шабуылдар әдістерінің типтік категориясы, олар пассивті талдау әдістерін қамтиды, бұл әдістер басшылық құжаттамаларымен сәйкес келетін ТОЕ-ны пайдалану арқылы ТОЕ-ның басшылық құжаттарына сәйкес сезімтал ішкі деректерді ашуға бағытталған.

3.5.5 **Потенциалдық осалдық** (potential vulnerabilitiey): Күдікті бірақ расталмаған әлсіз жақ

Ескертпе - Күдік негізінде постулированного жолдары шабуыл бұзу мақсатында SFR-ды бұзу мақсатында постулирленген шабуыл жолдары негізінде күдіктену.

3.5.6 **Қалдық әлсіздігі** (residual vulnerabilitiey): ТОЕ үшін жұмыс аясында қолдануға болмайтын әлсіз жақ,алайда оны ТОЕ үшін жұмыс аясында күткеннен гөрі SFR-ды бұзу үшін шабуылдаушы үлкен әлеует ретінде қолдануға болады.

3.5.7 **Әлсіздік** (vulnerabilitiey): Қандай да бір ортада SFR-ды бұзу үшін қолданылатын ТОЕ-дегі әлсіз жер

**3.6 Композиция класына қатысты терминдер мен анықтамалар**

3.6.1 **База компоненті** (base component): TOE құрамасындағы субъект, оның өзі бағалау нысаны болдыжәне тәуелді компонентке ресурстар мен қызметтерді ұсынды

3.6.2 **Үйлесімді компоненттер** (compatible components): Келісілген жұмыс жағдайында әр компоненттің сәйкес интерфейстері арқылы өзге компоненттің талап етуімен қызметтерді ұсынуға қабілетті компоненттің сипаты

3.6.3 **TOE компоненті** (component TOE): Басқа TOE-ның бөлігі болып табылатын сәтті бағаланған TOE

3.6.4 **Құрамдас TOE** (composed TOE): Бағалаудан сәтті өткенекі немесе одан да көп компоненттен тұратын TOE

3.6.5 **Тәуелді компонент** (dependent component): Өзі бағалау нысаны болып табылатын TOE құрамындағы субъект,ол базалық компонент көмегімен қызметтер туралы ережеге сүйенеді

3.6.6 **Функционалдық интерфейс** (functional interface): Ішкі интерфейс,ол қолданушыға TOE-ның функционалдық мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, өзі қауіпсіздіктің функционалдық талаптарын қамтамасыз етуге тікелей қатыспайды

Ескертпе – TOE құрамы - бұл интерфейстер, оларды базалық компонент ұсынған, өйткені құрамдас TOE-ның жұмысын қолдау үшін тәуелді компоненттен талап етіледі.

**4 Белгілер мен қысқартулар**

API Application Programming Interface – қолданбалы бағдарламалаудың интерфейсі
CAP Composed Assurance Package – кепілдемелердің құрамдас топтамасы
CM Configuration Management – конфигурацияны басқару
DAC Discretionary Access Control – шектеулі қол жетімді бақылау
EAL Evaluation Assurance Level – бағалау кепілдемесінің деңгейі
GHz Gigahertz - гигагерц
GUI Graphical User Interface – қолданушылық графикалық интерфейс
IC Integrated Circuit - интегралды сызба
IOCTL Input Output Control – кіру мен шығуды басқару
IP Internet Protocol - интернет-хаттама
IT Information Technology – ақпараттық технологиялар
MB Mega Byte - мегабайт
OS Operating System – операциялық система /жүйе/
OSP Organisational Security Policy – қауіпсіздік ұйымының саясаты
PC Personal Computer - ПК, дербес компьютер
PCI Peripheral Component Interconnect - периферийлы компоненттерді қосу
PKI Public Key Infrastructure – ашық кілттің инфрақұрылымы
PP Protection Profile - қорғаныс профилі
RAM Random Access Memory – оперативтік есте сақталатын құрылғы
RPC Remote Procedure Call – дистанциондық шақыру процедураларының хаттамасы
SAR Security Assurance Requirement - кепілдік қауіпсіздігінің талабы
SFR Security Functional Requirement – қауіпсіздіктің функционалдық талабы
SFP Security Function Policy –қауіпсіздік функцияларын қамтамасыз ету саясаты
SPD Security Problem Definition – қауіпсіздік проблемаларын анықтау
ST Security Target – қауіпсіздік бойынша тапсырма
TCP Transmission Control Protocol – TCP хаттамасы, алыс-берістің басқарушы хаттамасы
TOE Target of Evaluation – бағалау объектісі

TSF TOE Security Functionality - TOE қауіпсіздігінің функционалдық мүмкіндіктері
TSFI TSF Interface - TSF интерфейсі
VPN Virtual Private Network – виртуальды жеке желі

## 5 Шолу

### 5.1 Жалпы ережелер

Бұл бөлімде ISO/IEC 15408-дің негізгі тұжырымдамалар ұсынылған. Онда тұжырымдамасы анықталды TOE тұжырымдамасы , мақсатты аудитория ISO/IEC 15408-дің мақсатты аудиториясы және ISO/IEC 15408 –дің қалған бөліктеріне материал ұсыну үшін тәсіл анықталды.

### 5.2 Бағалау объектісі (БО)

ISO/IEC 15408 ISO/IEC 15408 бағалау төңірегінде икемділікке ие,сондықтан ол IT өнімдеріне тәуелді емес.Осыған байланысты ISO/IEC 15408-дің бағалау тұрғысында TOE термині қолданылады (бағалау объектісі).

TOE басшылықтың сүйемелдеуінің арқасында бағдарламалық қамтамасыз етудің, аппараттық қамтамасыз етудің жинағы ретінде айқындалады.

Бұл TOE IT –өнімінен құралғандықтан міндетті емес.TOE IT өнімі,IT өнімінің бөлшегі, IT өнімдерінің жинағы,бірегей технология болып табылғандықтан,олардың комбинациясына,өнімдеріне айнала алмайды.

ISO/IEC 15408-ке келетін болсақ, TOE және IT –дің кез келген өнімінің арасындағы нақты қарым-қатынас бір ғана аспектіде маңызды болып саналады:IT өнімінің бөлшегі ғана бар TOE-ның бағасы барлық IT өнімінің бағасы ретінде қарастырылмауы қажет.

TOE үлгілері:

-бағдарламалық қосымша;

-операциялық жүйе;

-операциялық жүйеге сәйкесетін бағдарламалық қосымша;

-операциялық жүйеге және жұмыс станциясына сәйкесетін бағдарламалық қосымша;

-жұмыс станциясымен сәйкесетін операциялық жүйе;

-смарт-карталардың интегралды сызбасы;

-смарт-карталардың интегралды сызбасының криптографиялық сопроцессоры;

-жергілікті желі,оған барлық терминалдар,серверлер,желілік жабдықтау және бағдарламалық қамтамасыз ету жатады;

-әдетте мағлұматтар базасымен байланысты жойылған клиенттің бағдарламалық қамтамасыз етілуінен басқа мағлұматтар базасының қосымшасы.

#### 5.2.1 БО-ның әр түрлі ұсыныстары

ISO/IEC 15408-те TOE бірнеше ұсыныстарды кездестіреді,мысалы (бағдарламалық TOE үшін) :

-конфигурациялық басқару жүйесіндегі файлдар тізімі;

-жаңа ғана скомпилирленген жалғыз көшірме;

-клиентке жіберуге дайын тұрған компакт-диск және пайдалануға арналған басшылық сақталған қорап;

-белгіленген және атқарушы нұсқа.

Бұлардың барлығы TOE болып саналады: ISO/IEC 15408 қалған бөлігінде және барлық жерде қолданылатын TOE термині тұрғысында анықталады.

### 5.2.2 ТОЕ-ның әр түрлі конфигурациялары

IT өнімдері толықтай әр түрлі болуы мүмкін: әр түрлі параметрлері қосылған немесе айырылған,әр түрлі құрылған. ISO/IEC 15408-ді бағалауда ТОЕ-ның айқын талаптарға жауап бере алу немесе алмауы айқындалған,конфигурациядағы бұл икемділік проблемаларға алып келуі мүмкін,өйткені ТОЕ-дегі барлық конфигурациялар талаптарға сай болуы қажет.

Осындай себептерге байланысты ТОЕ-ның басшылық бөлімі ТОЕ-ның конфигурацияларын жиі әрі қатаң шектейді. Бұл ТОЕ басшылығының IT өнімінің жалпы басшылығынан ерекшеленетінін білдіреді. Операциялық жүйенің IT өнімі мұның үлгісі болып табылады. Бұл өнім әр түрлі болуы мүмкін (қолданушылар түрлері,қолданушылар саны,рұқсат етілген және рұқсат етілмеген ішкі қосылулар,қосылған-айырылған опциялар). Егер IT –дің бір өнімі ТОЕ болып табылса және талаптардың жиынтығымен дұрыс бағаланса,онда конфигурация бұдан да қатаң бақылауда болуы қажет,өйткені көптеген опциялар (ішкі қосылудың барлық түрлеріне рұқсат беру немесе жүйелік администраторға аутентификация талап етілмейді). Сол себептен әдетте IT өнімі басшылығы мен ТОЕ басшылығы арасында айырмашылық болды (көптеген конфигурациялар жіберіледі,бір ған және қауіпсіздік тәсілдерінен айырмашылық жоқ конфигурациялар). Егер ТОЕ басшылығы бұрынғыдай бірнеше конфигурацияға рұқсат етсе, онда бұл конфигурациялар толықтай ТОЕ болып аталатынын және осындай конфигурация ТОЕ ұсынған талаптарды қанағаттандыруы қажет екеніне назар аудару қажет.

## 5.3 ISO/IEC 15408 пайдаланушылары

ТОЕ қауіпсіздігін бағалауда жалпы қызығушылық тудыратын үш топ бар: тұтынушы, әзірлеуші және бағалаушылар. ISO/IEC 15408-дің 1 бөлімі ұсынған өлшемдер барлық үш топтың қажеттілігін қолдауға құрылған. Үш топқа арналған өлшемдердің пайдалы жағы келесі параграфтарда түсіндіріледі.

### 5.3.1 Тұтынушылар

ISO/IEC 15408 тұтынушылардың қажеттіліктерін бағалаудың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жазылған, өйткені бұл бағалау процесінің негізі және басты мақсаты. Тұтынушылар нәтижелерді шешім шығару үшін пайдалана алады, ТОЕ олардың қажеттіліктерінің қауіпсіздіктерін қанағаттандыратынын анықтайды. Қауіпсіздік төңірегіндегі бұл қажеттіліктер саясат бағытында тәуекел талдауы нәтижесінде айқындалады. Тұтынушылар әр түрлі ТОЕ-ларды салыстыру үшін бағалау нәтижесін қолдана алады.

ISO/IEC 15408 тұтынушыларға,оның ішінде тұтынушылар топтарына және қауымдастықтарына құрылымды жүзеге асыруға тәуелсіз көзқарас ұстанатындарға PP қорғаныс профилі қауіпсіздік талаптарын нақты айқындап ұсынады.

### 5.3.2 Әзірлеушілер

ISO/IEC 15408 ТОЕ бағалауға көмек көрсетуге және әзірлеушілерді даярлауға қолдау көрсетуге және бұл ТОЕ-лар орындайтын қауіпсіздік талаптарын айқындауға арналған. Бұл талаптар ST қауіпсіздігінің мақсатты тапсырмасында бар және конструкцияны жүзеге асыруға тәуелді.

ST бір немесе бірнеше PP-да құрылуы мүмкін, ТОЕ-ның тұтынушылар қауіпсіздігі талаптарына сай екендігін көрсету үшін ISO/IEC 15408 PP-ларда берілгендей. Сондай-ақ міндеттерді айқындауға және бұл талаптарға қатысты ТОЕ бағасын қолдауға қажетті

дәлелдемелерді ұсыну мақсатындағы әрекеттерді ұсынуға қолданылады. Ол дәлелдемелердің мазмұнын анықтайды және бұл дәлелдемелерді ұсынады.

### 5.3.3 Бағалаушылар

ISO/IEC 15408 құрамында өлшемдер бар, оларды бағалаушылар қолдана ал ТОЕ-ның қауіпсіздік талаптарына сәйкес қалыптасқан талқылауларда қолдана алады.

ISO/IEC 15408 бағалаушы орындауға тиісті жалпы әрекеттер жиынтығын сипаттайды. ISO/IEC 15408 бұл әрекеттерді орындау барысында қажет процедураларды анықтамайтынына назар аударыңыз. Бұл процедуралар туралы мейлінше толық ақпаратты 5.5.-бөлімінен табуға болады.

### 5.3.4 Басқалар

ISO/IEC 15408 ТОЕ –ның IT қауіпсіздік бағалау құралдарына және спецификацияға бағытталған,сондай-ақ ол IT қауіпсіздігіне мүдделі немесе оған жауапты барлық тұлғаларға анықтама материалы ретінде пайдалы болуы мүмкін. ISO/IEC 15408 құрамындағы ақпарат кейбір қосымша мүдделі топтарға пайдалы болып шығуы мүмкін:

a) IT қауіпсіздігі талаптары мен ұйымдасқан саясатты сақтауға және анықтауға жауапты жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдардың сақтаушылары мен қызметкерлері;

b) IT –шешімі қауіпсіздік деңгейіне жататын бағалауға жауапты ішкі және сыртқы қызмет аудиторлары;

c) IT қауіпсіздік құралдарының спецификациясына жауапты қауіпсіздік жобалаушылары мен сәулетшілер;

d) анықталған ортада қолдануға арналған IT-шешім қабылдауға жауапты аккредиттелген тұлғалар;

e) бағаны қолдау мен сұранысқа жауапты бағалау демеушілері; сондай-ақ

f) IT қауіпсізідігі бағдарламасын бақылау мен басқаруға жауапты бағалаудың өкілетті органдары.

### 5.4 ISO/IEC 15408 әртүрлі бөлімдері

ISO/IEC 15408 төменде көрсетілген бір-бірімен байланысты бөлек жиынтық түрінде ұсынылған.Бөлімдерді сипаттауда қолданылатын терминдердің мәні 6 бөлімде түсіндіріледі.

a) 1-бөлім. ISO/IEC 15408 кіріспесі кіріспе және жалпы модель болып табылады, олар IT қауіпсіздігін бағалау принциптері мен жалпы концепциясын анықтайды және бағалаудың жалпы моделін ұсынады.

b) 2-бөлім. Қауіпсіздіктің функционалдық компоненттері функционалдық компоненттер жиынтығын құрайды,олар стандартты шаблон ретінде қызмет атқарады,оларға ТОЕ-ның функционалдық талаптары негізделген. ISO/IEC 15408 функционалдық компоненттер жиынтығын каталогизрлейді және оларды класс және тұқымдастар түрінде ұйымдастырады.

c) 3-бөлім. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету компоненттері сапаны қамтамасыз ететін компоненттер жиынтығын құрайды,олар стандартты шаблондар түрінде қызмет атқарады, оларға ТОЕ үшін кепілдік талаптары негізделеді. ISO/IEC 15408 қамтамасыз ету компоненттерінің жиынтығын каталогтайды, оларды тұқымдастар мен кластарға ұйымдастырады. ISO/IEC 15408 PP мен ST үшін бағалау өлшемдерін анықтайды және алдын ала анықталған жеті қамтамасыз ету топтамаларін ұсынады,олар бағалау

кепілдігінің деңгейі деп аталады (EAL).

Жоғарыда көрсетілген ISO/IEC 15408-дің үш бөліміне қосымша басқа да құжаттар жарияланды. Мысалы, ISO/IEC 18045 негіз ретінде ISO/IEC 15408-ді қолдана отырып, IT қауіпсіздігінің бағалау методологиясын /әдіснамасын/ ұсынады. Басқарушылық құжаттар мен техникалық негіздеме материалдарын қоскқанда басқа да құжаттар жариялануы мүмкін.

1-кестеде ISO/IEC 15408-тің бөлімдеріне қызығушылық тудыратын мақсатты аудиторияның үш тобы ұсынылған.

**1-кесте - «IT қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бағалаудың критерийлеріне» жұмыс жоспары**

| Бөлімдер | Тұтынушылар | Әзірлеушілер | Бағалаушылар |
|---|---|---|---|
| 1-бөлім | Негізгі ақпарат ретінде қолданылады және анықтамалық мақсаттарға міндетті. PP басқарушылық құрылымы. | Анықтамалық мақсаттарға жәнеақпараттық анықтамалық үшін қолданылады. TOE үшін қауіпсіздік | PP және ST құрылымына басшылық ретінде және анықтамалық мақсаттарға міндетті түрде |
| 2-бөлім | TOE талаптарын реттеуде анықтама және басшылыққа алуда қолданылады. . | TOE үшін функционалдық спецификацияны реттеу және функционалдық талаптар туралы өтініштерін интерпретациялауда анықтама ретінде міндетті түрде қолданылады. | Функционалдық талаптар өтініштерін интерпретациялауда анықтама үшін міндетті түрде қолданылады. |
| 3-бөлім | Кепілдіктің талап етілетін деңгейін анықтауда басшылық негізінде қолданылады. | TOE-ны бағалауға тәсілдерді анықтауға және кепілдік талаптары туралы өтінішіті интерпретациялауда анықтама ретінде қолданылады. | Кепілдік талаптары туралы өтініштерді интерпретациялауда анықтама ретінде қолданылады.. |

### 5.5 Бағалау мәнмәтіні

Бағалау нәтижелерін көптеп салыстыруға қол жеткізу үшін бағалау беделді сызбалар аясында өткізіледі,бұл стандарттарды белгілейді,бағалау сапасын бақылайды және нормативтік құжаттарды басқарады және оларда бағалау мен бағалаушының құралдары сәйкес болуы тиіс.

ISO/IEC 15408 нормативтік базаға талаптарды белгілей алмайды.Алайда бұндай бағалау нәтижелерін өзара тану мақсатына жету үшін түрлі бағалау органдарының нормативтік-құқықтық базасы арасында келісім талап етіледі.

Бағалау нәтижелерінің басым салыстырмалылығына қол жеткізудің екінші тәсілі бұл нәтижеге жетуге арналған жалпы әдіснаманы пайдалану болып табылады. ISO/IEC 15408үшін бұл әдіснама ISO/IEC 18045-те келтірілген.

Бағалаудың жалпы әдіснамасын пайдалану нәтижелердің объективтілігіне және қайталануына ықпал етеді,бірақ бұл жеткілікті болып табылмайды.Бағалаудың көптеген өлшемдері сараптамалық бағалау мен базалық білімді қолдануды талап етеді,олар үшін келісімге келу оңай емес.Бағалау нәтижелерінің келісімділігін арттыру мақсатында соңғы бағалау нәтижелері сертификаттау процесіне ұсынылуы мүмкін.

Сертификаттау процесі - бұл тәуелсіз тексеру нәтижелерін бағалау,ол әдетте жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Сертификаттау процесі IT қауіпсіздік өлшемдерін қолданудағы басым келісімділікке қол жеткізу құралы болып табылады.

Сертификаттаудың процестері мен бағалау сызбалары бағалау жөніндегі органдардың қарамағында болады, олар ISO/IEC 15408 қызметі шеңберіне кірмейді және осындай сызбалар мен процестерді басқарады.

## 6 Жалпы модель

### 6.1 Жалпы модельге кіріспе

Бұл бөлімде осы тұжырымдамалар қолданылуы тиіс мәнмәтінді қоса, ISO/IEC 15408 қолданылатын жалпы тұжырымдамалар және осы тұжырымдамаларды қолдануға ISO/IEC 15408 тәсілімі ұсынылған. ISO/IEC 15408 осы бөлімін пайдаланушыларынан кеңес алуға міндетті ISO/IEC 15408-2 және ISO/IEC 15408-3 осы тұжырымдамалардың қолдануын кеңейтеді және сипатталған тәсілім қолданғанын болжайды. Сонымен қатар, бағалау әрекеттерін жасауға ниетті ISO/IEC 15408 пайдаланушылары үшін ISO/IEC 18045 қолданылады. Бұл бөлім ақпараттық қауіпсіздік туралы біршама білімді талап етеді және осы саладағы оқу құралы ретінде пайдалануға арналмаған.

ISO/IEC 15408 тұжырымдамалар мен қауіпсіздік терминдерін қолдана отырып, қауіпсіздікті қарастырады. Осы тұжырымдамалар мен терминологияны түсіну ISO/IEC 15408 тиімді пайдалану үшін қажетті шарт болып табылады. Алайда, тұжырымдамалар жалпылама болып келеді және ISO/IEC 15408 қолданылатын IT қауіпсіздігі мәселелерінің санатын шектеу үшін арналмаған.

### 6.2 Активтер және контрмерлер

Қауіпсіздік активтерді қорғаумен байланысты. Активтер – әлдекім құндылықтар мәнін беретін объектілер. Активтер мысалдары:

- файл немесе сервер ішіндегісі;
- дауыс беру кезіндегі дауыстардың шынайылылығы;
- электрондық сауда процесіне қол жеткізу;
- қымбат принтерді пайдалану мүмкіндігі;
- құпия нысанға қолжетімділік.

Бірақ, құн – субъективті түсінік екендігін ескерсек, барлық дерлік актив болуы мүмкін.

Осы активтер орналасқан қоршаған орта жұмыс ортасы деп аталады. Жұмыс ортасының мысалдары (аспектілері):

- банктегі компьютер бөлмесі;
- Ғаламторға қосылған компьютерлер желісі;
- LAN;
- жалпы кеңселік орта болып табылады.

Көптеген активтер ақпарат иелерімен белгіленген талаптарға сәйкес сақталатын,

өңделетін және IT-өнімдермен жеткізілетін ақпарат түрінде ұсынылған. Ақпараттар иелері кез келген осындай ақпараттың қолжетімділігі, таратылуы мен өзгеруін қатаң бақыланғанын және активтер қатерлерден қарсы іс-қимыл шараларымен қорғалғанын талап етуі мүмкін. 2 сурет осы жоғарғы деңгей мен байланыс тұжырымдамаларын суреттейді.




**2 сурет – Қауіпсіздік пен байланысты қамтамасыз ету тұжырымдамалары**

Қызығушылық тудыратын активтерді сақтау осы активтердің құнын белгілейтін иелердің міндеті болып табылады. Қатерлердің нақты немесе болжамды агенттері де активтердің құнын белгілей алады және ие мүдделеріне қайшы келетін тәсілмен активтерді теріс пайдалануға ұмтылуы мүмкін. Қатерлер агенттерінің мысалдары: хакерлер, арам ниетті пайдаланушылар, арам ниетсіз пайдаланушылар (кейде қателіктер жасайтын), компьютерлік процестер мен жазатайым жағдайлар.

Активтер иелері осындай қатерлерді активтердің құнсыздану мүмкіндігі деп қабылдайтын болады, сондықтан иелер үшін активтердің құны төмендетілетін болады. Қауіпсіздікпен байланысты құнсыздану әдетте активтердің құпиялылығын жоғалтуды, активтердің тұтастығын жоғалтуды және активтердің қолжетімділігін жоғалтуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Бұл қатерлер қатерлердің іске асу ықтималдығы мен осы қатер іске асқан кездегі активтерге әсерін негізге ала отырып, активтер үшін тәуекелдерді туғызады. Кейіннен активтер үшін тәуекелдерді төмендету үшін қарсы іс-қимыл шаралары қолданылады. Осы қарсы шаралар IT қарсы шараларынан (брандмауэрлар мен смарт-карталар сияқты) және техникалық емес (күзет және рәсімдер сияқты) қарсы шаралардан тұруы мүмкін. Қауіпсіздіктің (бақылаудың) қарсы іс-қимыл шараларын және оларды енгізу мен басқару әдістерін неғұрлым жалпы талқылау үшін сондай-ақ ISO/IEC 27001 және ISO/IEC 27002 қараңыз.

Активтер иелері осы активтер үшін жауапты болуы мүмкін немесе жауапты болады, сондықтан өзінің активтердің қатерлерге ұшырау тәукелдерін қабылдау шешімін қорғау мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Осы шешімді қорғаудағы екі маңызды элемент – ол

- қарсы іс-қимыл шаралары жеткілікті: егер қарсы шаралар өз функцияларын орындаса, онда олар активтер үшін қатерлерге қарсы тұра алады;

- қарсы іс-қимыл шаралары дұрыс: қарсы шаралар мәлімделгенді орындайды

дегенді көрсету мүмкіндігі.

Активтер иелерінің көпшілігіне қарсы шаралардың жеткіліктілігі мен дұрыстығын бағалау үшін қажетті білім, тәжірибе немесе ресурстар жетпейді, және олар тек қарсы шараларды әзірлеушілердің пайымдауларына сүйенгілері келмеуі мүмкін. Сондықтан бұл тұтынушылар осы қарсы шаралардың бағалауына тапсырыс беріп, өздерінің бірнеше немесе барлық қарсы шараларының жеткіліктілігі мен дұрыстығына өзінің сенімділігін арттыруды дұрысырақ көруі мүмкін.


**3 сурет – Бағалау, олардың өзара қарым-қатынастары кезінде қолданылатын түсінік**

### 6.2.1 Контрметр жеткіліктілігі

Бағалау барысында қарсы шаралардың жеткіліктілігі «қауіпсіздік тапсырмасы» деп аталатын құрастырылым көмегімен талданады. Осы тармақшада бұл құрастырылымға қысқартылған көзқарас келтірілген: егжей-тегжейлі және толық сипаттауды А қосымшасында көруге болады.

Қауіпсіздік тапсырмасы активтер мен осы активтерге қатерлерді сипаттаудан басталады. Сосын қауіпсіздік тапсырмасы қарсы шараларды сипаттайды (қауіпсіздік мақсаттары нысанында) және бұл қатерлерге қарсы тұруға осы қарсы шаралар жеткілікті екендігін көрсетеді: егер қарсы шаралар бекітілгенді орындаса, онда қатерлерге қарсылық көрсетіледі.

Кейін қауіпсіздік тапсырмасы осы қарсы шараларды екі топқа бөледі:

a) ТОЕ үшін қауіпсіздік мақсаттары: олар дұрыстығы бағалау кезінде айқындалатын қарсы шараларды сипаттайды;

b) жұмыс ортасы үшін қауіпсіздік мақсатары: олар дұрыстығы бағалау кезінде айқындалмайтын қарсы шараларды сипаттайды;

Осындай бөліністің себептері:

- ISO/IEC 15408 IT қарсы шараларының дұрыстығын сипаттау үшін ғана жарайды. Ал IT жатпайтын қарсы шаралар (мысалы, күзетші-адамдар, рәсімдер) әрдайым жұмыс ортасында болады;

- қарсы шаралардың дұрыстығын бағалау уақытты және ақшалай шығындарды талап

етеді, бұл IT барлық қарсы шараларының дұрыстығын бағалауды мүмкін емес етуі мүмкін;

- IT тарапынан кейбір қарсы іс-қимылдар ықтималдығы басқа бағалау барысында бағаланып қойды. Сондықтан осы дұрыстықты қайта бағалау орынсыз.

TOE үшін (дұрыстығы бағалау кезінде бағаланатын IT қарсы шаралары), қауіпсіздіктің функционалдық талаптарында (SFR) қауіпсіздік мақсаты TOE үшін қауіпсіздік мақсаттарының қосымша егжей-тегжейлілігін талап етеді. Бұл SFR дәлдікті қамтамасыз ету мен салыстырмалықты жеңілдету үшін стандартталған тілде (ISO/IEC 15408-2 сипатталған) тұжырымдалады.

Сонымен, қауіпсіздік тапсырмасы:

- SFR TOE үшін қауіпсіздік мақсаттарына жауап беретіндігін;
- TOE үшін қауіпсіздік мақсаттары мен операциялық орта үшін қауіпсіздік мақсаттары қатерлерге қарсы тұратындығын;
- SFR мен операциялық орта үшін қауіпсіздік мақсаттары қатерлерге қарсы тұратындығын көрсетеді.

Жоғарғылардағыдан мынадай қорытынды шығару керек, дұрыс TOE (SFR талаптарына жауап беретін) дұрыс жұмыс ортасымен үйлестікте (операциялық орта үшін қауіпсіздік мақсаттарына жауап беретін) қатерлерге қарсы тұратын болады. Келесі екі тармақшаларда TOE дұрыстығы мен жұмыс ортасы дұрыстығы туралы мәселе бөлек талқыланатын болады.

### 6.2.2 БО дұрыстығы

Бағалау объектісі қате жобаланып іске асырылуы мүмкін, сондықтан осалдықтарға әкелетін қателіктері болуы мүмкін. Осы осалдықтарды пайдаланып зиянкестер бұрынғыша шығын келтіре және/немесе активтерді теріс пайдалана алады.

Бұл осалдықтар әзірлеу кезінде жіберілген кездейсоқ қателерден, әлсіз дизайннан, зиянды кодтың әдейі қосуынан, сапасыз тестілеуден және т.б. туындауы мүмкін.

БО дұрыстығын анықтау үшін

- БОтестілеу;
- әр түрлі БО жобалық ұсынымдарын зерделеу;
- БО әзірлеу ортасының физикалық қауіпсіздігін зерделеу сияқты әрекеттердің әр түрлі түрлері орындалуы мүмкін.

Қауіпсіздік тапсырмасы қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары түрінде (SAR) дұрыстығын анықтау үшін осы әрекеттердің құрылымданған сипаттауын қамтамасыз етеді. Бұл SAR дәлдікті қамтамасыз ету мен салыстырмалықты жеңілдету үшін стандартталған тілде (ISO/IEC 15408-3 сипатталған) тұжырымдалған.

Егер SAR сақталса, онда БО дұрыстығына сенімділік орын алады, сондықтан БО-да зиянкестер пайдаланулары мүмкін осалдықтардың болу ықтималдығы аз. БО дұрыстығына кепілдік көлемі SAR өздерімен анықталады: бірнеше «әлсіз» SAR шағын кепілдікке әкелсе, көп «күшті» SAR үлкен кепілдікті қамтамасыз етеді.

### 6.2.3 Жұмыс атқарылу ортасының дұрыстығы

Операциялық орта да қате жобаланып енгізілуі мүмкін, сондықтан осалдықтарға әкелетін қателіктері болуы мүмкін. Осы осалдықтарды пайдаланып зиянкестер бұрынғыша шығын келтіре және/немесе активтерді теріс пайдалана алады.

Бірақ ISO/IEC 15408 жұмыс ортасының дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдіктер келтірілмеген. Немесе, басқаша айтқанда, операциялық орта бағаланбайды (келесі бөлікті қараңыз).

Бағалауға қатысты келер болсақ, операциялық орта қауіпсіздік мақсаттарының операциялық орта үшін 100% дұрыс іске асырылуын білдіреді деп тұжырылымдалады.

Бұл БО тұтынушысы өзінің операциялық ортасының дұрыстығын анықтау үшін

- егер БО OS үшін жұмыс ортаның жай-күйі үшін қауіпсіздік мақсаттары «жұмыс ортасы сенімсіз желідегі объектілердің (мысалы, Ғаламтор) БО-ға қолжетімділігін тек ftp арқылы алуды қамтамасыз етуі тиіс» десе, тұтынушы бағаланған желі аралық экранды таңдап, онда тек ftp үшін БО-ға қол жеткізуді баптау;

- егер жұмыс ортасы үшін қауіпсіздік мақсаттары «пайдалану жағдайларымен қамтамасыз етіледі, әкімшілік қызметкерлер тарапынан зиянды әрекеттерге жол берілмейді» десе, тұтынушы зиянды тәртіп үшін айыппұл санкцияларын қосу үшін өзінің байланыстарын әкімшілік қызметкерлермен бейімдеу сияқты басқа әдістерді пайдалану мүмкін дегенді жоққа шығармайды, бірақ бұл анықтама ISO/IEC 15408 бөлігі болып табылмайды.

### 6.3 Бағалау

ISO/IEC 15408 бағалаудың екі түрін мойындайды: төменде сипатталған ST/БО бағалауы, және ISO/IEC 15408-3 айқындалған РР бағалауы. Көп жерлерде ISO/IEC 15408 ST/БО бағалауына сілтеме жасап, «бағалау» терминін (дәрежелеусіз) қолданады.

ISO/IEC 15408 ST/БО бағалау екі кезеңде жүргізіледі:

a) ST бағалауы: БО және жұмыс ортасының жеткіліктілігімен анықталады;

b) БО бағалауы: БО дұрыстығы анықталады. Бұрын айтылғандай, БО бағалауы жұмыс ортасының дұрыстығын бағаламайды.

ST бағалауы қауіпсіздік мақсатына мақсатты қауіпсіздікті бағалау өлшемдерін (ISO/IEC 15408-3 айқындалған) қолдану арқылы жүргізіледі. ASE өлшемдерін қолданудың нақты әдісі бағалаудың қолданыстағы әдіснамасымен анықталады.

БО бағалауы қиынырақ. БО бағалау үшін негізгі бастапқы деректер БО мен ST қамтитын бағалау деректер болып табылады, сондай-ақ әдетте жобалық құжаттар немесе әзірлеушіні тестілеу нәтижелері сияқты әзірлеу ортасының деректерін де қамтиды.

БО бағалауы SAR қолданудан (қауіпсіздік тапсырмасы бойынша) бағалау дәлелдеріне дейін қамтиды. Нақты SAR қолданудың нақты әдісі бағалаудың қолданыстағы әдіснамасымен анықталады.

SAR қолдану нәтижелерін құжаттамалық тіркеу, құрылуы тиіс құжаттар және қандай егжей-тегжейліліктері – қолданыстағы бағалау әдіснамасымен, сонымен қатар жүргізіліп отырған бағалау кестесімен де айқындалады.

БО бағалау процесінің нәтижесі мынадай болуы мүмкін:

- барлық SAR сақталмаған деген пікір, сондықтан ST белгіленгендей БО SFR сәйкес келетіндігіне белгілі кепілдік деңгейі жоқ;

- барлық SAR орындалды деген пайымдау, сондықтан ST белгіленгендей БО SFR барлық талаптарына жауап береді дегенге сенімділіктің белгілі деңгейі бар.

БО бағалау ТОЕ әзірлеуді аяқтағаннан кейін немесе оның әзірленуімен қатар орындалуы мүмкін.

ST/БО бағалау нәтижелерін анықтау әдісі 9 бөлімде сипатталған. Бұл нәтижелер ТОЕ сәйкестігі мәлімделген РР (ларды) және топтаманы (терді) сәйкестендіреді, және бұл құрастырылымдар келесі бөлімде сипатталған.

## 7. Нақты қолдану үшін қауіпсіздік талаптарын оңтайландыру

### 7.1 Операциялар

ISO/IEC 15408 функционалдық қамтамасыз ету мен сапасын қамтамасыз ету Компоненттеры ISO/IEC 15408-2 және ISO/IEC 15408-3 анықтамаларымен дәл сәйкестікте қолданылуы мүмкін, немесе рұқсат етілген операцияларды қолданумен бейімделулері мүмкін. Операцияларды қолданған кезде PP/ST авторына қажеттіліктер осы талапқа байланысты басқа талаптарға байланысты қанағаттандырылуын қадағалау керек. Рұқсат етілген операцияларды келесі жиынтықтан таңдайды:

- итерация: құрауышқа әр түрлі операциялармен бір реттен көп пайдаланылуға рұқсат етеді;
- иелену: өлшемдерді айырықшалауды рұқсат етеді;
- таңдау: тізімдегі бір немесе одан көп тармақты айырықшалауды рұқсат етеді;
- нақтылау: бөлшектерді қосуды рұқсат етеді.

Иелену мен таңдау операцияларына құрауышта көрсетілгенде ғана рұқсат етіледі. Итерация мен нақтылау барлық Компоненттер үшін рұқсат етілген. Операциялар егжей-тегжейлі төмен сипатталған.

ISO/IEC 15408-2 қосымшаларында таңдау мен иеленуді нақты орындалуына қатысты нұсқаулар келтірілген. Бұл басшылық операцияларды қалай аяқтау керектігі туралы нормативтік нұсқауларды қамтиды, және ауытқушылықтар PP/ST авторымен негізделмесе, осы нұсқаулар сақталуы тиіс:

a) «Жоқ» таңдауды аяқтау үшін таңдау ретінде ғана қолжетімді, егер анық көрсетілсе.

Таңдауды аяқтау үшін ұсынылған тізімдер бос болмаулары тиіс. Егер «Жоқ» опциясы таңдалса, таңдаудың қосымша өлшемдері таңдалынбайды. Егер опция ретінде таңдауда нұсқа ретінде «Жоқ» көрсетілмесе, «және» мен «немесе» таңдауда нұсқаларды біріктіруге жол беріледі, егер таңдауда анық «нұсқаның бірін таңдаңыз» делінбесе.

b) Таңдау операциялары қажет болған жерде итерация арқылы бірігуі мүмкін. Бұл жағдайда әрбір итерация үшін таңдалған нұсқаның қолданылуы басқа қайта іріктеудің затымен қиылыспауы тиіс, себебі олар алынып тастауға арналған.

#### 7.1.1 «Итерация» операциясы

Итерация операциясы әр құрауышпен орындалуы мүмкін. PP/ST авторы итерация операциясын бір құрауышқа негізделген бірнеше талаптарды қосу жолымен орындайды. Құрауыштың әр итерациясы иелену мен таңдауды басқа әдіспен орындау арқылы немесе оған басқа әдіспен нақтылауларды қолдану жолымен іске асатын осы құрауыштың барлық басқа итерацияларынан ерекшеленуі тиіс.

Әр түрлі итерациялар анық негіздеме мен осы талаптардың қадағалануын беру үшін ерекше сәйкестендіруге ие болулары тиіс.

Итерация операциясын кейде Компоненттермен пайдалануға болатындығын атай кету керек, сонымен қатар мұнда оларды қайталаудың орнына мәндердің диапазоны немесе тізімімен бірге иелену операциясын да орындауға болады. Бұл жағдайда автор мәндер диапазонының толық негіздемесін қамтамасыз ету қажеттілігін немесе олардың әрқайсысы үшін бөлек қажеттілікті ескере отырып, лайықты баламаны таңдай алады. Автор бұл мәндер үшін жеке хаттамалар талап етілетіндігін естен шығармауы тиіс.

### 7.1.2 Иелену операциясы

Иелену операциясы құрауышта PP/ST авторымен орнатылған өлшемі бар элемент болған кезде орын алады. Өлшем шектелмеген тұрақсыз шама немесе тұрақсыз шаманы белгілі бір мән диапазонына дейін тарылтатын ереже болуы мүмкін.

PP-дағы элемент иеленуді қамтыған кез келген кезде PP авторы төрт әрекеттің бірін орындайды:

a) иеленуді аяқсыз қалдыру. PP авторы PP-да «Сәйкестендірудің сәтсіз талпыныстардың белгілі саны орындалса немесе асырылса, TSF [иелену: әрекеттер тізімі] тиіс» FIA_AFL.1.2 қоса алады.

b) иеленуді орындау. Мысалы, PP авторы PP-да «Сәйкестендірудің сәтсіз талпыныстардың белгілі саны орындалса немесе асырылса, TSF келешекте кез келген затқа сыртқы объектінің байланысу мүмкіндігін болдырмауы тиіс» FIA_AFL.1.2 қоса алады.

c) рұқсат етілген мәндер диапазонын қосымша шектеу үшін иеленуді тарылту. Мысал ретінде PP авторы PP-да «TSF сәйкестендірудің сәтсіз әрекеттерін [иелену: 4 пен 9 арасындағы оң бүтін сан] табуы тиіс» FIA_AFL.1.1 қоса алады.

d) иеленуді таңдауға түрлендіру, осылайша иеленуді тарылту. Мысалы PP авторы PP-да «Сәйкестендірудің сәтсіз талпыныстардың белгілі саны орындалса немесе асырылса, TSF [таңдау жасау: осы пайдаланушыға келешекте кез келген затқа байлануға тыйым салу, әкімшіні хабардар ету] тиіс» FIA_AFL.1.2 қоса алады.

ST-дағы элемент иеленуді қамтыған кезде ST авторы жоғарыда b) көрсетілгендей иеленуді аяқтауы тиіс. ST үшін a), c) және d) нұсқаларына рұқсат етілмейді.

b), c) және d) нұсқаларында таңдалған мәндер иеленумен талап етілген түрге сәйкес болуы керек.

Иелену жиынтықпен (мысалы, субъектілердің) аяқталуға тиіс болса, субъектілер жиынтығын көрсетуге болады, сонымен қатар

- барлық субъектілер;
- X түріндегі барлық субъектілер;
- a субъектісінен басқа барлық субъектілер;
- қандай субъектілер ескерілгендігі белгілі болған уақыт ішінде

сияқты жиынтық элементтері алынуы мүмкін жиынтықтың біршама сипаттамасын.

### 7.1.3 Таңдау операциясы

Таңдау операциясы осы құрауышты бірнеше элементтерден таңдау PP/ST авторымен жасалуы тиіс элементті қамтыған кезде орын алады.

PP-дағы элемент іріктеуді қамтығанда, PP авторы үш әрекеттердің бірін орындай алады:

a) таңдауды орындамай қалдыру;

b) бір немесе одан көп элементтерді бөлу арқылы таңдауды аяқтау;

c) нұсқалардың кейбіреуін жойып, екі немесе одан көбін қалдырып, таңдауды шектеу.

ST-дағы элемент таңдауды қамтыса, ST авторы b) тармағында көрсетілгендей осы таңдауды жасау керек. ST үшін a) және c) нұсқаларына рұқсат етілмейді.

b) және c) тармақшаларында таңдалған зат немесе заттар таңдауға ұсынылған заттардан алынуы тиіс.

### 7.1.4 «Нақтылау» операциясы

